

БАҚ үшін хабарлама

Қазақстандағы 2021 ж. 6 ай ішіндегі электр энергиясы мен көмір нарығы

10.08.2021 ж.

Қазақстан Республикасының барлық электр станциялары 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында **57 325,4 млн.кВтс электр энергиясын өндірді**, бұл 2020 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 7,1%-ға артық. Қазақстанның Бірыңғай энергия жүйесінің (БЭЖ) барлық аймағында өндіру мөлшерінің өсімі байқалып отыр. Бұл туралы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның «Нарықты дамыту» департаментінің Жүйелік оператордың деректеріне сүйене отырып әзірлеген 2021 жылғы қаңтар-маусымдағы Қазақстандағы электр энергиясы мен көмір нарығына талдамалық шолуда хабарланды.

«Самұрық-Энерго» АҚ Энергия энергия өндіруші ұйымдарының электр қуатын өндіру көлемі осы аталған кезеңде 17 891,1 млн.кВтс құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі көрсеткіштерден **25,8%-ға** артық.

Оның үстіне, жүргізілген талдауларға сүйенсек, республиканың электр энергиясын тұтыну көлемі 2021 жылғы қаңтар-маусымда 2020 жылғы қаңтар-маусымдағы көрсеткіштермен салыстырғанда 6%-ға өскенін байқалады. Мәселен, республиканың солтүстік аймағында тұтыну 6%-ға, оңтүстігінде 10%-ға, ал батысында 2%-ға өскен.

«Самұрық-Энерго» АҚ сарапшылары ҚР Энергетика министрлігі тарапынан әзірленген 2021-2027 жылдарға арналған электр энергиясы мен қуатының болжамды теңгеріміне сәйкес, электр энергиясын тұтыну көлемі орташа есеппен жыл сайын 2,4%-ға өседі деген болжам жасалғанын атап өтті. Бұған қоса, 2027 жылға қарай шамамен 898 МВт көлеміндегі қажетті резерв ескеріле отырып, электр қуатына деген тапшылық болжануда. Қазірдің өзінде Қазақстан БЭЖ-де шамамен 1000 МВт мөлшерінде реттеу қуатының тапшылығы байқалады.

Осы міндеттерді шешу мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ бүгінгі таңда «Самұрық-Қазына» Қорының қолдауы нәтижесінде жаңа станциялар салу, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған станцияларды кеңейту және жаңғыртумен байланысты бірқатар ірі жобаларды іске асыруда.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Электр энергиясы мен көмір нарығын талдауда келтірілген деректері бойынша Қазақстанда 2021 жылғы қаңтар-маусымда 52 147,2 мың тонна тас көмір өндірілді, бұл 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 1%-ға кем. Оның ішінде «Богатырь Көмір» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ) кеніштерінде 22 244 мың тонна көмір өндірілді. Компания осы кезеңде қара отынның 22 517 мың тоннасын сатты, оның ішінде: ҚР ішкі нарығында 18 230 мың тонна, - экспортқа (РФ) – 4 287 мың тонна сатылды.

Қазақстанда **жаңартылатын энергия көздерін** (ЖЭК: күн және жел электр станциялары, шағын СЭС, биогаз станциялары) пайдалану нысандарында электр энергиясын өндіру көлемі 2021 жылғы қаңтар-маусымда 2005,5 млн.кВтс құрады. 2020 жылғы қаңтар-маусым айларындағы кезеңмен салыстырғанда (1470 млн. кВтсағ) өсім 1,4%-ды құрады.

«Самұрық-Энерго» АҚ ЖЭК нысандарының электр энергиясын өндіру көлемі 156,9 млн.кВтс құрады, яғни ЖЭК объектілері өндіретін электр энергиясының жалпы көлемінің 7,8%-ын құрады.

2021 жылдың қаңтар-маусым айларындағы электр энергиясы мен көмір нарығын талдау туралы толық ақпаратты мына сілтеме арқылы таба аласыз: <https://www.samruk-energy.kz/kz/press-center/analytical-review>

«Самұрық-Энерго» АҚ – Қазақстандағы акцияларының 100% «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға тиесілі аса ірі электр энергетикалық холдинг. 2007 жылы құрылған. Қызметінің негізгі бағыттары: электр және жылу энергиясын өндіру; электр энергиясын жеткізу, тарату және сату; энергетикалық көмір өндіру. Холдинг құрамына энергетикалық және көмір кәсіпорындары кіреді, оның ішінде «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Богатырь Көмір» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ, «О.Д.Қантаев атындағы Мойнақ су электр станциясы» АҚ, «Шардара СЭС» АҚ және т.б.

«Самұрық-Энерго» АҚ Үкіметпен байланыс және коммуникациялар офисі.

Тел: (7172) 55-30-62; r.tasbulatov@samruk-energy.kz